

**ҚР Энергетика министрлігінің  
Отын-энергетикалық кешен мәселелері жөніндегі  
қоғамдық кеңесі отырысының  
№10 ХАТТАМАСЫ**

Астана қаласы

2024 жылғы 19 қыркүйек  
сағ. 17:00

Өткізу форматы: күндізгі/«Zoom» арқылы

Тәрағалық еткен: Қоғамдық кеңестің тәрағасы Б.К. Әулетаев

Қатысқандар: энергетика вице-министрі С.Қ. Есімханов, Қоғамдық кеңестің мүшеслері (*тізім бойынша*), Министрліктің құрылымдық бөлімшелерінің өкілдері (*тізім бойынша*).

---

**1. Еліміздің майнинг саласындағы жағдайы туралы. Ірі ЖЭК объектілерін майнинг саласы үшін пайдалану мүмкіндігі**

(С. Есімханов)

1.1. Энергетика вице-министрі С.Қ. Есімхановтың еліміздің майнинг саласындағы жағдайы туралы, ірі ЖЭК объектілерін майнинг саласы үшін пайдалану мүмкіндігі туралы ақпараты назарға алынсын.

**1.2. Электр энергетикасын дамыту департаменті:**

- Қазақстан Республикасының аумағында орталықтандырылған сауда-саттыққа қатысатын, жұмыс істеп тұрған майнингтік фермалардың болуы туралы ақпарат ұсынсын;

- жылышайларды өтеусіз негізде жылышту немесе жылуды жылу желісіне беру мақсатында өндірілетін жылуды пайдалану үшін майнинг субъектілерінің жылышайларға тікелей жақын орналасуы бойынша географиялық орналасуына қойылатын талаптарды қосу мүмкіндігін қарастырсын.

---

**2. Мұдделі мемлекеттік органдардың қатысуымен тәулік аймақтары бойынша электр энергиясына сарапанған тарифтерді қайтару мүмкіндігін қарастыру туралы**

(А. Мусин, И. Рожков)

2.1. Электр энергетикасын дамыту департаментінің директоры А.Б. Мусиннің мұдделі мемлекеттік органдардың қатысуымен тәулік аймақтары бойынша электр энергиясына сарапанған тарифтерді қайтару мүмкіндігін қарастыру, Солтүстік және Батыс Қазақстанның энергия жүйелерін біріктіру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстары туралы және

2024-2025 жылдарға арналған күзгі-қысқы кезеңге (КҚК) дайындық жөніндегі Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті тәрағасы И.Б. Рожковтың ақпараты назарға алынын.

## **2.2. Электр энергетикасын дамыту департаменті:**

- «KEGOC» АҚ-мен бірлесіп Батыс ЖЭТ Орал энергия торабын реконструкциялау және жаңғырту жөніндегі жоспарланып отырған «KEGOC» АҚ-ның іс-шаралары туралы ақпарат ұсынын;

- Қоғамдық кеңестің мүшелеріне энергетика объектілерін 2024 – 2025 жылдарға арналған КҚК-де жүктемені көтеруге дайындығы туралы өзекті ақпаратты жолдасын және әрбір объект бөлінісінде энергия объектілерін жөндеуді кешіктіру себептерін түсіндірсін;

- АЭК және ЭЖҰ қызметін біркітіру жөніндегі реформаны аяқтау қорытындысы бойынша ТМРК және Қоғамдық кеңестің мүшесі А.С. Қуатпен бірлесіп тәулік аймақтары бойынша тариф және тұтынушылар топтары бойынша тарифті саралауды алып тастау және кернеу деңгейлері бойынша саралауды енгізу мәселесіне қатысты кеңес өткіздін.

## **3. Кепілді жеткізушілерді ЭЖҰ бәсекелестік ортасынан алып тастау мәселесі**

(А. Мусин)

3.1. Электр энергетикасын дамыту департаментінің директоры А.Б. Мусиннің кепілді жеткізушілерді ЭЖҰ бәсекелестік ортасынан алып тастау мәселесі туралы ақпараты назарға алынын.

## **3.2. Электр энергетикасын дамыту департаменті:**

- Қоғамдық кеңес мүшелерін Энергетика министрлігі электр энергетикасының бөлшек сауда нарығында РЭЖҰ жойылғаннан кейін бәсекелестіксіз деддалдарды (кепілдік беретін жеткізушілерді) сақтау бойынша жүргізіліп жатқан жұмыспен ақпаратпен таныстырысын.

## **4. Факелге авариялық тәгінділер нәтижесінде қоршаған ортаға нормативтен тыс шығарындыларға және технологиялық режим бұзушылықтарына, өндірістің тоқтап қалуына алып келетін жүйе құраушы желілердегі электрмен жабдықтаудың жиі бұзушылықтары туралы**

(А. Мусин)

4.1. Электр энергетикасын дамыту департаментінің директоры А.Б. Мусиннің факелге авариялық тәгінділер нәтижесінде қоршаған ортаға нормативтен тыс шығарындыларға және технологиялық режим бұзушылықтарына, өндірістің тоқтап қалуына алып келетін жүйе құраушы желілердегі электрмен жабдықтаудың жиі бұзушылықтары туралы ақпараты назарға алынын.

#### **4.2. Электр энергетикасын дамыту департаменті:**

- Қоғамдық кеңес мүшелеріне кернеу деңгейлері бойынша бөліністе технологиялық бұзушылықтар саны туралы ақпарат берілсін;

- «KEGOC» АҚ-мен бірлесіп, ҚР Оңтүстікпен Батысты байланыстыратын желіні жобалау кезінде ҚР энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету және блэкауттардың пайда болуын болдырмау мақсатында мынадай ұсыныстарды қарастырын:

1) оңтүстік өңірдің блэкауттарын шешу үшін: Шу кіші станциясынан 5143-желімен шекараға (қыылышына дейін) параллель желі салу, Бішкектен 5159-желіні ажырату және Шудан жаңа желімен жалғау, сол арқылы жаңа желі Өзбекстан мен Қырғызстанда туындайтын авариялық жағдайлардан тәуелсіздікті қамтамасыз етеді және Қазақстан 5143-желі арқылы экспорттан айырылмауға мүмкіндік береді;

2) Оңтүстіктен батысқа қарай желісінің құрылышын жоғарыдағы 4.3.1-тармақта ұсынылған шешімдермен қарастыру қажет, сондай-ақ осы желінің құрылышы аяқталған кезде бүкіл Қазақстанның энергетикалық қауіпсіздігін түпкілікті қамтамасыз ету үшін 5019 (Шымкент - ТашГрэс) желісін ұзу қажет;

3) Қазақстанның энергия қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін желіні салудың барлық нұсқаларында Өлкенің Батыс Қазақстан облысымен қосылуына жол бермеу керек және бәрі Атырау облысы арқылы өтуі тиіс, өйткені Қазақстанның батыс бөлігі (барлық 4 облыс) Ресей тарифтерінің аймағына туседі.

**Қоғамдық  
кеңестің төрағасы**

**Б. Әуєтаев**

**Қоғамдық  
кеңестің хатшысы**

**Ф. Төлеген**